Жеңіс жалпы білім беретін мектебі»КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары бойынша педагог-психологтарының жылдық есебі

Педагог-психолог: Шорбасова Г.

Мамадалива О.

Көксайек 2023 ж

Жеңіс жалпы білім беретін мектебінің 2022 – 2023 жылдық педагог – психологтардың есебі.

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді

Психодиагностикалық бағыт - 23

Түзету – дамытушылық бағыт - 33

Ағартушылық – профилактикалық бағыт - 23

Консультациялық бағыт - 48

Әлеуметтік – диспетчерлік бағыт - 9

I. Психологиялық диагностика бағыт бойынша жыл бойы жүрзізілген жұмыстар есебі

Қыркүйек айында 1-сыныпты мектепке психологиялық дайындығын анықтау Керн - Йерасек тесті алынды. 1- сыныпқа қабылданған оқушы саны – 40. Оқушылардың мектепке дайындығы орта деңгейде екені анықталды.
(100оқушы).

Сынып	Толық дайындығы		Орташа дайындығы		Төмен дайындық	
1	3	7%	31	77 %	6	15 %

Бестерек жобасы аясында «Кабинеттік талдау» жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік педагогтың, мектеп инспекторының, медбикенің және сынып жетекшінің тізіміндегі оқушыларға талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыныбы	Оқушы саны	Әлеуметтік педагог	Мектеп инспекторы	Медбике	Сынып жетекші
5-11	330	34		24	

«Бес терек» жоба аясында 5 – 11 сынып аралығында оқушылармен эссе алынды. Эссенің тақырыптары: 5-7-«Менің отбасым», 8 – 9 - «Менің ең жақын досым» , 10 - 11 - «Менің арманым».

Барлық оқу-лар саны (5-11 сынып)	Қатысқан оқу-лар саны	позитивтік		нейтралдық		негативтік	
		саны	%	саны	%	саны	%
370	363	246	78%	54	17%	16	5%

«Бес терек» жоба аясында 5 – 11 сынып аралығында оқушылармен сауалнама алынды:

Барлық оқу-лар саны 5-11 сын	Қатысқан оқу-лар саны	Психологтің көмегін алған		Психологтің көмегі қажет		Сыныпта досы бар		Уайымы бар		Уайымы жоқ	
330	316	35	11%	18	5%	314	98%	14	4%	312	97%

5 -11 сыныптар аралығында оқушылардың психологиялық ахуалын анықтау бойынша «Үй. Ағаш. Адам.» әдістемесі жүргізілді. Жүргізілген әдістеме бойынша 5- 11 сыныптан 316 оқушы қатысты, оның ішінде 43 оқушыға назар аудару қажет етілетіні анықталды.
Кабинеттік және далалық зерттеу жұмыстарын жинақтай келе мектеп бойынша 75 тәуекел оқушы анықталды. Оның ішінде:

5-11 сынып оқушы саны	Тәуекел топ	Жасыл деңгей	Сары деңгей	Қызыл деңгей
330	75	38	33	4

Қазан айында ерекше білімді қажет ететін үйде оқытылатын оқушының эмоционалдық көңіл-күйі мен таным процестеріне диагностика жүргізілді.

Аты-жөні	Зейін			Есте сақтау			Ойлау			Қиял			Тілді дамыту		
	жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм
Қ.А. 11 сын		+			+			+		+			+		

5-сынып оқушыларының бейімделуін анықтау мақсатында «Социометрия» әдістемесі мен М.И. Лукьянова, Н.В.Калининаның «Мектеп оқушыларының оқу мотивациясын зерттеу әдістемесі» алынды.

Сыныбы	Лидерлер		Көп таңдалғандар		Аз таңдалғандар		Шеттетілгендер	
	Саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы	Саны	пайызы
5 сынып	5	10%	25	53%	15	32%	2	4%

Сондай-ақ диагностикалық минимум (есте сақтау, ойлау, зейін, тілді дамыту) 2 – 11 сынып арлалығында диагностика жүргізілді. Нәтижелері төмендегі кесте бойынша.

Сынып	Оқу. саны	Зейін			Есте сақтау			Ойлау			Қиял			Тілді дамыту		
		жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм	жоғ	орт	төм
2	41	9	29	3	5	34	2	6	29	4	8	30	3	11	27	3
3	44	8	32	4	7	32	5	8	31	5	9	31	4	10	30	4
4	42	5	32	5	4	33	5	7	31	4	6	31	5	9	29	4
5	**47**	5	39	3	6	36	5	6	35	6	7	34	6	9	33	5
6	**50**	5	38	7	4	39	7	6	37	7	7	38	5	6	41	3
7	**60**	6	48	6	5	47	8	7	46	7	6	51	5	7	49	4
8	**49**	5	38	6	4	38	7	5	38	6	7	36	6	9	35	5
9	**48**	4	38	6	6	35	7	5	39	4	7	36	5	9	34	5
10	**42**	6	32	4	5	33	4	7	31	4	6	31	5	8	29	5
11	**34**	4	25	5	3	28	3	6	26	2	5	26	3	7	26	1
Жалпы	**457**	**57**	**351**	**51**	**49**	**355**	**53**	**63**	**343**	**49**	**68**	**344**	**47**	**85**	**333**	**39**

Қараша айында жоғары сынып оқушыларының арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жасырын сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесіне қарай оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
9-11 сынып оқушыларынан мамандық типіін анықтау мақсатында «ДДС Климов» әдістемесі алынды. Әдістеме нәтижесіне қарай оқушыларға кеңестер берілді.

Сыныбы	Оқушы саны	Адам-адам	Адам-табиғат	Адам-техника	Адам – көркем образ	Адам-басқа адамдар
9-сынып	48	8	5	9	12	14
10 сынып	42	5	4	8	13	12
11 сынып	34	3	2	8	10	11

Желтоқсан айында ата-налардан «Сіз қандай ата-анасыз?» тесті алынды. Тест нәтижесіне қарай ата-аналарға кеңестер берілді.

1-11 сынып оқушылардың темперамент типін анықтау мақсатында психодиагностикалық зерттеу әдістері жүргізілді.

Бастауыш сынып 1-4 сынып оқушыларының Б.С.Волкова әдісі бойынша темперамент типтері:

Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик
35	78	33	20

Орта буын 5-7 сынып оқушыларының «Темперамент» әдісі бойынша темперамент типтері:

Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик
37	69	28	23

Жоғары буын 8-11 сынып оқушыларының «Темперамент» әдісі бойынша темперамент типтері:

Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик
41	95	21	16

1-11 сынып оқушыларының темперамент типінің диаграммалық көрсеткіші:



Қаңтар айында жасөспірімдер арасында агрессивті мінез-құлық әрекетінің алдын алу, стресті жеңу, баланы қоршаған ортамен бірге үйлесімді дамуына жағдай жасау, жалпы өмірге көзқарасын позитивтендіру, өз өмірін сақтауға, мақсатқа жетуге ұмтылыс қалыптастыру мақсатында «Кактус» әдістемесі алынды. Әдістеме бойынша экстроверттілік , сезімталдық , интроверттілік , отбасылық қамқорлыққа ұмтылу мен жағымды психологиялық ахуалдар оқушы мен ата-ана арасында айқын байқалады.

Қобалжу шкаласы жоғары көрсеткен оқушымен жеке әңгіме жүргізіліп, оқушы жеке зерттелді . Үрейлену, мазасызданудың шың себептері анықталды, сынып жетекшілері мен ата-аналарға жеке кеңестер берілді.

«Баса - Дарки» әдістемесі бойынша 8 – 11 сынып аралығында жүргізілді.

Сыныбы	**Оқу. сан**	**Төмен көрсеткіш**		**Орташа көрсеткіш**		**Жоғарғы көрсеткіш**		**Өте жоғарғы көрсеткіш**	
8	49	6	12%	32	65%	7	14%	4	8%
9	48	8	16%	34	70%	4	8%	2	4%
10	42	7	16%	31	73%	3	7%	1	2%
11	34	6	17%	25	73%	3	8%	0	-
Барлығы:	**173**	**27**	**15%**	**122**	**70%**	**17**	**9%**	**7**	**4%**

Ақпан айында 9-11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар бойынша психодиагностикалық жұмыстар А.Е.Голмшток әдістемесі бойынша

№	**Направленность интересов**	**9 сынып 48 оқушы**		**10 сынып 42 оқушы**		**11 сынып 34 оқушы**	
		Оқу-ң таңдауы		**Оқу-ң таңдауы**		**Оқу-ң таңдауы**	
		Саны	**%**	**Саны**	**%**	**Саны**	**%**

1	Биология	4	8%	2	4%	2	5%
2	География	3	6%	2	4%	2	5%
3	Геология	-	-	-	-	-	-
4	Медицина	4	8%	3	6%	1	3%
5	Жеңіл және тамақ өнеркәсібі	1	2%	-	-	-	-
6	Физика	5	10%	1	2%	3	8%
7	Химия	4	8%	2	4%	2	5%
8	Техника	3	6%	1	2%	2	5%
9	Электрорадиотехника	-	-	-	-	2	5%
10	Темір өңдеу кәсібі	-	-	-	-	-	-
11	Ағаш өңдеу кәсібі	1	2%	-	-	-	--
12	Құрылыс	3	6%	3	6%	1	3%
13	Көлік	2	4%	2	4%	2	5%
14	Авиация	-	-	-	-	-	-
15	Әскери мамандықтар	4	8%	4	8%	2	5%
16	Тарих	2	4%	3	6%	1	3%
17	Әдебиет	3	6%	2	4%	2	5%
18	Журналистика	-	-	-	-	-	-
19	Қоғамдық жұмыстар	-	-	1	2%	2	5%
20	Педагогика	5	10%	7	14%	5	14%
21	Құқық	-	-	1	2%	-	-
22	Қызмет көрсету саласы	-	-	-	-	-	-
23	Математика	2	4%	2	4%	1	3%
24	Экономика	-	-	-	-	-	-
25	Шет тілі	1	2%	2	4%	2	5%
26	Бейнелеу өнері	-	-	-	-	-	-
27	Сахна өнері	-	-	1	2%	-	-
28	Музыка	-	-	-	-	-	-
29	Дене шынықтыру, спорт.	1	2%	3	6%	2	5%

Наурыз айында 5 – 11 сынып аралығында «Менің отбасым» АРТ – терапялық әдістемесі жүргізілді. Балардың отбасында қарым – қатынастары жақсы деңгейде екенін көрсеті.
5 – 11 сынып аралығында «Аяқталмаған сөйлем» АРТ – терапялық әдістемесі жүргізілді. Оқушылар жақсы деңгейде көрсете алды. Оқушылар арасында зорлық-зомбылық пен діни экстремизмді алдын алу жұмыстарын жүргізу мақсатында жасырын сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сәуір айында ата-аналардан «Мен қандай ата-анамын?» сауалнамасы алынды. Ата- аналардың 67 пайызы бала тәрбиесінде бірге шешім қабылдайтыны анықталды. Ал 33 % ата-ана баласының күнделікті сабақтарын қадағалап, бақылайды. 71% ата-ана мектеп пен

ата-ана байланысына өз үлесін қосып, жиналыстардан қалусыз келеді, сынып жетекшіментығыз байланыста болады.
МАД тобының 1-сыныпқа дайындығын анықтау мақсатында әр оқушымен жеке диагностикалық бақылау жұмысы жүргізілді. Оқушылармен танымдық әңгіме өткізілді.Даярлық топ тәрбиешісіне қажетті кеңестер берілді.

II. Психокоррекциялық бағыттағы жұмыстар есебі
2022-2023 оқу жылында психокоррекциялық жұмыстар жоспарға сай жүргізілді. **Қыркүйек айында** 1- сынып оқушыларымен «Кел, балалар, танысайық!» тренинг сабағы өткізілді. Оқушылардың мектепке, топқа бейімделуіне жағдай жасалды. Бастауыш сыныптарға қабылданған балаларды мектеп күн тәртібіне бейімделуіне арналған сауықтыру іс-шаралары жүргізілді. Мектепке жаңадан қабылданған оқушылармен топтық кездесулер ұйымдастырылды.

Қазан айында қарым-қатынаста қиындықтары бар балалар үшін түзету сабақтары жүргізілді. Мектеп психологтарының жанынан ашылған «ADVISER» клубымен бірлесе «Мейірімді болса жүрек» тақырыбында онкүндік өткізілді. Онкүндік барысында оқушылармен аутодеструктивті, деструктивті мінез-құлықтың алдын алуға байланысты түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сауалнама алып, нәтижелері талданды. Күнделікті әр күннің ұраны жазылып, мектеп фойесіне ақпараттық тақта орнатылды.
Қараша айында таным балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға коррекциялық ойындар ұйымдастырылды. Бастауыш сынып оқушыларының үлгерімі төмен оқушыларымен коррекциялық жаттығулар жүргізілді. 5-7 сынып қыздарымен «Мен есейіп келемін» тақырыбында қыздар жиналысы өткізіліп, қыз тазалығы, тәрбиесі туралы ақпараттар берілді.

10-20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндігі өткізілді. Онкүндік барысында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, буллинг пен кибербуллингтің, аутодеструктивті мінзе-құлықтың алдын алуға арналған шаралар өткізілді. Тәрбие одағымен бірлесе өткен іс-шараға мектептің барлық оқушылары қамтылды.
Желтоқсан айында ашушаңдықты, жағымсыз кері әсерлерді болдырмауға және төмендетуге арналған жұмыстар жүргізілді. Тәуекел топ оқушыларымен «Мен үшін өмір...» дөңгелек үстелі өткізілді. 11 сыныптардың ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында «Емтихандағы мінез-құлық» тақырыбында тренинг сабағы өткізілді.

Наурыз айында оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен діни экстремизмді алдын алу жұмыстары жүргізілді. «ADVISER» клубымен бірлесе тренинг сабақтар ұйымдастырылды. Сондай-ақ ата-анамен баланың дұрыс қарым-қатынас орнату мақсатында «Мен болашақ әкемін, анамын» тренинг сабағы өткізілді. Ата-ана мен бала қарым-қатынасын нығайтуға

арналған жаттығулар жасалып, тренинг соңында тәжірибелі ата-аналар жас ұрпаққа өз кеңестерін берді. 9-11 сынып оқушыларына қорқынышты болдырмау, өзіне деген сенімділікті арттыру мақсатында «Эмоция және мінез-құлық» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Сәуір айында 9-11 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын анықтау мақсатында «Мен мамандық әлеміндемін» тақырыбында тренинг өткізілді. 8-сынып оқушыларымен «Көңілді күн» тақырыбында тимбилдинг жаттығулары жасалды. Таза ауада оқушылармен сергіту сәттері ұйымдастырылып, топты бірігуге, ауызбіршілікті арттыруға арналған жаттығулар жасалды. 5-7 сынып оқушыларына «Ғажайып Майя және оның достары» тақырыбында комикс негізінде тренинг сабақтары өткізілді. Оқушылар комикс негізінде карантин кезіндегі сезімдерімен бөлісті. 11-сынып оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбында ашушаңдықты, жағымсыз кері әсерлерді болдырмауға және төмендетугеарналған сабақ өткізілді.

Жыл бойы психокоррекциялық жұмыстар жүргізіліп отырды. 1-11 сынып оқушыларына жас ерекшеліктеріне қарай тренинг-сабақтар өткізілді. Әр атқарылған іс-шара тіркеу журналы тіркеліп отырды.

III. Консультациялық бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар
2022-2023 оқу жылында жеке және топтық кеңес беру журналына 49 консультация тіркелді. Оның ішінде 21 жеке оқушымен жұмыс, 6 ата-анамен жұмыс, 7 мұғалімдерменжеке жұмыс, 15 топтық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

	Оқушымен жеке жұмыс	**Ата-анамен жеке жұмыс**	**Мұғаліммен жеке жұмыс**	**Топтық кеңес беру**
2022-2023 оқу жылы	21	6	7	15

Тамыз айында 1-сынып және 5-сынып жетекшілеріне балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы ақпарат берілді. Жаңадан келген оқушылармен жұмыс жүргізу,бейімделуі бойынша кеңес берілді.

Қыркүйек айында Кабинеттік талдау мен далалық зерттеу нәтижелері бойынша «Рефрейм» орталығымен бірлескен коррекциялық шараларды ұйымдастыру мақсатында қыркүйек айында әлеуметтік педагог, медбике, мектеп инспекторы, сынып жетекшілерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кабинеттік талдау жұмыстары ұйымдастырылды.

1-сыныпқа келген оқушылардың ата-аналарына «Менің балам мектепке барады» тақырыбында кеңес беру сабағы жүргізілді. Ата-аналарға баланың мектепке бейімделубарысында туындаған қиындықтармен күресу және алдын алу шаралары туралы ақпараттар берілді.

«Бестерек» жобасы аясында эссе нәтижесінде тәуекел топты анықтау

мақсатында сыныпжетекшілерімен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Әр оқушының жазылған эссе талданып, тәуекел топ критериилері нақтыланды.

Қазан айында тәуекел топқа енген оқушылармен жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді.Мазасыздану, қобалжу деңгейі жоғары оқушылармен жеке кездесу ұйымдастырылып, кеңес берілді.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі бойынша сынып жетекші және пәнмұғалімдеріне кеңес берілді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекеті аясында «Отбасымен жүргізілетін жұмыстың жаңа түрлері» тақырыбындамұғалімдерге кеңес берілді.

Қараша айында сұранысқа байланысты оқушыларға, ата-аналарға кеңестер берілді. Мектепішілік ата-аналар жиналысында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқылып, кеңестер берілді. Жүргізілген әдістемелер бойынша сынып жетекшілерге жеке кеңестер беріліп, ата-аналармен байланыс орнатылды. Тәуекелтоптың қызыл деңгейіне енген оқушының үй жағдайына АКТ түзіліп, жан-жақты зерттеужұмыстары жүргізіліп, ата-анасымен, баламен жеке кеңестер берілді.

Оқушылар арасында зорлық зомбылықты алдын алу бойынша оқушыларға, мұғалімдергежеке кеңестер берілді.

Желтоқсан айында мектеп әкімшілігіне пән мұғалімдерімен қарым-қатынасты нығайтумақсатында кеңестер берілді. Мектеп бойынша дарынды балалар есебі жаңартылып, олардың ерекшелігі туралы пән бірлестіктеріне кеңестер берілді. 9-11 сынып оқушыларына ҰБТ, ОЖСБ-ға психологиялық дайындық мақсатында тренинг өткізіліп, кеңестер берілді.

Оқушы қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу мақсатында қыздар жиналысындакеңестер берілді.

Қаңтар айында «Бестерек» жобасы бойынша кабинеттік талдау бойынша екінші кезеңалдында мамандармен талдау жұмыстарына анализ жүргізілді.

Қыздар және ұлдар ұйымымен жұмыс жүргізілді. Болашақ отбасы өміріне дайындау жәнежыныстық тәрбие бойынша кеңес берілді.

Ақпан айында 9-11 сынып оқушыларына мамандық таңдау бойынша түрлі кеңестер берілді. Сондай-ақ еліміздегі танымал университеттер, сұранысқа ие мамандықтар туралывидеороликтер жіберілді. Сынып жетекшісі мен ата-аналарына оқушылардың мамандық таңдауына жол көрсету мақсатында кеңестер беріліп, диагностика нәтижесімен

таныстырылды.

Сондай-ақ мектеп мұғалімдері арасында бала психологиясының ерекшеліктері туралы және жас мамандардың кәсіби бейімделуі бойынша кеңестер берілді.

Наурыз айында жас мамандарға кәсіби тұлғалық құзіреттілік қасиеттерін сіңіру бойынша кеңестер берілді. Сондай-ақ 9-11 сынып оқушыларына емтиханға қалай жақсы дайындалуға болатыны туралы кеңестер беріліп, брошюралар таратылды. «Стресстен қалай арылуға болады?» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Сәуір айында ата-аналар мен бастауыш пән мұғалімдерінің педагогикалық мәселелері бойынша жеке және топтық әңгіме жүргізілді. Сондай-ақ ата-аналар жиналысында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама оқылып, кеңестер берілді.

Жыл бойы кеңес беру бағыты бойынша сұранысқа байланысты кеңестер беріліп, тіркеу журналына тіркеліп отырды. Сондай-ақ жоспарға сай әртүрлі тақырыптарда оқушыларға ақпараттар берілді.

IV. Психопрофилактикалық бағыттағы жұмыстардың есебі.

2022-2023 оқу жылында психопрофилактикалық бағыттағы іс-шаралар жоспарға сай және жоспардан тыс өткізілді. Барлық іс-шаралар тіркеу журналына тіркелді.

Қыркүйек айында «Бестерек жобасы аясында кабинеттік талдауды ұйымдастыру» тақырыбында сынып жетекшілерге баяндама оқылды. Баяндама да тәуекел топты анықтау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар туралы, олардың нәтижесін шығару бойынша ақпараттар берілді. Сондай-ақ барлық сынып оқушыларына мінездеме толтырылды. Жаңадан қабылданған жас мамандарға қолдау білдіру мақсатында топтық және жеке әңгіме сабақтар өткізілді.

Қазан айында «Ерте жүктілікті болдырмаудың алдын алу жолдары» тақырыбында семинар өткізілді. Тәрбие одағымен бірлесе өткізілген іс-шараға басқа сала мамандары да тартылды. Мектеп инспекторы, аудандық білім бөлімі тарапынан теолог маман, ауыл имамы келіп мектеп оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Сондай-ақ «ADVISER»

клубымен бірлесе «Мейірімге тола жүрек» атты онкүндік өткізілді. Онкүндік барысында оқушылармен аутоагрессияның алдын алу шаралары жүргізілді. Сауалнама алынды, әр сыныппен жас ерекшелігіне қарай тренинг сабақтар өткізілді. Сондай-ақ «Маған қоңырау шал» акциясы ұйымдастырылып, аутоагрессияның алдын алу шаралары күшейтілді.

Қараша айында Республикалық деңгейдегі «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ!» 16-күн акциясы өткізілді. Тәрбие одағы, «ADVISER» клубымен бірлесе өткен іс-шарада сауалнамалар алынды, түзенту-дамытушылық шаралар өткізіліп, әңгіме-сұхбаттар жүргізілді. Акция соңында қорытындылау мақсатында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында көңілді тапқырлар алаңы ұйымдастырылды.

ҰБТ-ға дайындық кезінде оқушылардың аутоагрессияға бой алдырудың алдын алу шаралары бойынша ата-аналарға баяндама оқылды. Жас ерекшелік психологиясы бойынша әр жастағы дағдарыстар, күйзелістің адам өміріндегі маңызы туралы ақпараттар берілді. Сондай-ақ мектеп ұжымына «Аутоагрессия дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқылып, алдын-алу шараларын жүргізуде пән мұғалімдерінің әрекеті туралы айтылды.

Желтоқсан айында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау тақырыбында «Ерте жүктілік. Кім кінәлі?» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелде оқушылар өз ойларын білдіріп, ерте жүктілік, оның алдын алу шаралары туралы пікірлерін білдірді. Мектепішілік ата-аналар жиналысында «Тәрбиесі қиын балалармен жұмыс» тақырыбында баяндама оқылды.

11-сыныптардың ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдай дайындау мақсатында «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Қаңтар айында педагогикалық ұжыммен «Ұжымдағы сыйластық қарым-қатынасы» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Ұжымдағы қарым-қатынас сауалнамасы алынды.

Сондай-ақ жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру мақсатында «Мен мамандық әлеміндемін» кездесу кеші ұйымдастырылды. Мектеп бітіріп кеткен түлектер келіп, қазіргі таңда өз таңдаған мамандықтарына қалай түскені, өмірде жетістікке жету қадамдары туралы өз ойларымен бөлісті. 11-сынып ата-аналарына ҰБТ бойынша психопрофилактикалық жұмыстар жүргізу мақсатында «Балаларға дайындық кезінде қалай көмектесу керек?» тақырыбында баяндама оқылды. Сондай-ақ оқушылардың тест нәтижелерімен таныстырылып, мамандық таңдау мәселесі бойынша кеңестер берілді.

Ақпан айында мектепішілік «Бала тәрбиесіне байыппен қарайық» апталығы өткізілді. Апталық барысында мектеп-ата-ана байланысын нығайтуға арналған сабақтар өткізілді. Сауалнама алынып, дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Сондай-ақ 9-11 сыныптың ата-аналарына «Балаңызға мамандық таңдауға қалай көмектесу керек?» тақырыбында әңгімелесу сабағы өткізілді. Алдын ала алынған тест нәтижесімен таныстырылып, оқушылардың қай салаға бейім екені айтылды.

Наурыз айында 9-11 сынып оқушыларына «АҚТҚ туралы не білеміз?» тақырыбында нашақорлықтың алдын алу мақсатында мини лекция оқылды. Мектеп медбикесі оқушыларға салауатты өмір салты туралы насихаттап, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Қыздар ұйымымен жұмыс жүргізілді. Әлеуметтік педагог, тәлімгермен бірлесе «Бүгінгі – қыз, ертеңгі – ана» тақырыбында семинар сабақ өткізілді. Қыз тәрбиесі, оның болашағынаәсері туралы кең көлемде әңгіме жүргізілді.

Сәуір айында 9 сынып оқушыларына бейіндік бағыттары бойынша «Менің сүйікті мамандығым» тақырыбында әңгіме сабағы өткізілді. Сондай-ақ бітіруші түлектермен әртүрлі ЖОО сенімді өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Ең сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат беріліп, тақтаға үздік университеттердің гранттары туралы ақпараттар ілінді.

Ағарту жұмыстары онлайн және офлайн форматта жүргізілді. Баяндама, лекциялар оқылып, түрлі тақырыптарда видеороликтер түсірілді. Танымдық карталар таратылды. Ағарту жұмыстары тіркеу журналдарына тіркеліп отырды.

V. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт бойынша жыл бойы жасалған жұмыстар есептері

Тамыз айында 2022-2023 оқу жылындағы оқыту үлгісіндегі психологиялық қызметтің жылдық бойынша атқарылатын жұмыс жоспарын түзіліп, бекітілді. Тамыз педагогикалық

кеңесінің шешіміне сәйкес жаңа оқу жылында 1 сыныптарға қабылданатын оқушылардың тізімін алынып, жинақтау жұмыстары жүргізілді. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыстарды жоспарланды (мектептің жылдық жоспарына сай педагогикалық кеңестерде қаралатын мәселелер, бестік одақ жоспарлары)

2022-2023 оқу жылында үйде оқытылатын оқушы саны – 1 екені нақтыланды. ПМПК мамандарының шешіміне сәйкес үйде оқитын оқушыны әлеуметтік-психологиялық қолдау білдіру мақсатында арнайы түзету-дамыту жоспары түзілді. Үй жағдайына АКТ түзілді. Мінездеме жазылды.
Қыркүйек айында «Сенім телефоны» және "Сенім жәшігі" жұмысын ұйымдастыру, «Бестерек» жобасын іске асыру мақсатында мектепішілік бұйрық шығарылды. Әлеуметтік желілерде сенім телефоны жарияланды. Арнайы журнал ашылып, директор бекітті. Ол жерге жыл бойы «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігіне» түскен барлық хаттар тіркелді. Қажет уақытта ауданға есептері берілді.

Қыркүйек айында 1-11 сынып ата-аналарынан «Мектептегі психологиялық қызметті алу» туралы келісім қағазына қол қойылып, жинақталды. Мектеп оқушыларының психологиялық дамуының жеке және топтық карталарын құрылды. Барлық сыныптардың тізімдері бекітіліп, жинақталды. Әр оқушы туралы деректер сынып жетекші және әлеуметтік педагогпен бірге талданды.

Әскери коммиссариятқа шақырылған балалармен патриотизм тақырыбында әңгіме жүргізіп,жеке

психикалық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тізімдегі оқушыларға мінездеме жазылды.

Тәрбие одақпен бірлескен жұмыстар жүргізілді. Діни экстремизм, құқық бұзушылық, ерте жүктілік, зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары жоспарға сай өткізілді. Түрлі маман иелерімен жиі кездесу ұйымдастырылып, үнемі байланыста болдық.

Жыл соңында барлық жұмыстар қорытындыланып, қажетті есептер жасақталды. Тіркеу дәптерлеріндегі жүргізілген жұмыстар саны нақтыланып, оларды жинақтап, архивке сейфке салынды. Сенім жәшігіне түскен хаттар жинақталып, АКТ түзілді.

Жыл соңында директор жанындағы кеңесте жылдық есеп беріліп, жыл бойы мектепте жүргізілген психологиялық жұмысты ұйымдастыру қызметі қорытындыланды.

Мектеп психологі: О. Мамадалиева